



Келісемін:

Директордың оқу ісінің меңгерушісі

*А.С.Салимова*  
А.С.Салимова

«28» 08 2024ж

ӘБ отырысында каралды:

Хаттама №

*М.Б.Байсбаева*  
М.Б.Байсбаева

«28» 08 2024ж

## 2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының перспективалық жылдық жоспары

Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің ММ  
«№2 Жамбыл атындағы орта мектебі МДНО» МКМ

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Барлығы: 20 сағат

Мүгалім: Музданарова Г.Н

2024-2025 оқу жылы

## Түсінік хат

Мектепалды сыныптарына арналған жұмыстық оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 бұйрығы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясының «2024 - 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатының негізінде жасалынды.

2024-2025 оқу жылында ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы.

Мектептердің мектепалды сыныптарында мектепалды даярлықты ұйымдастыру. Мектептегі мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог мектептегі мектепалды сыныпқа арналған үлгілік жоспар негізінде оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасын әзірлейді. Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны-20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Әдістемелік нұсқау хатта:

-тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану;

-тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;

-балаларға қазақ тілін үйрету;

-вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

-экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

-мерекелік шараларды ұйымдастыру;

-мектепалды даярлықты ұйымдастыру;

-«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;

-ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

2024-2025 оқу жылының негізгі ерекшеліктері.

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ қазақстан Республикасында

мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне, білім беру саласының стратегиясының және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді.

Мектепке жейінгі ұйымдарда тәрбиелеу – білім процесін ұйымдастыру.

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады. 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін-оқу жылы үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес МҰД-ның негізгі міндеттері:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

Дамытушы орта құру. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға сәйкес жүзеге асады. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің»ММ «№2 Жамбыл атындағы орта мектебі МДШО»МҚМ-нің мектепалды сыныбының 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет Уақыты	Үзіліс	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1.9.00-9.25	10	Сауат ашу негіздері	Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері	Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері
2.9.35-10.00	10	Математика негіздері	Математика негіздері	Көркем әдебиет	Математика негіздері	Көркем әдебиет
3.10.10-10.35	10	Қоршаған ортамен танысу	Қазақ тілі	Шығармашылық іс-әрекет	Қазақ тілі	Қоршаған ортамен танысу
4.10.45-11.15	10	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің»ММ «№2 Жамбыл атындағы орта мектебі МДШО»МКМ

**Топ/сынып** мектепалды сынып

**Балалардың жасы** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2024-2025 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдас тырыл ған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Тақырып	Күні
қыркүйек	Дене шынық тыру	Негізгі қимылдар. - Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;	1.Спортзал	02.09
		- Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру;	2.Спортзалда ойнаймыз	04.09
		-Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;	3.Денсаулықтың құпиялары	06.09
		-Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;	4.Күлкі сыйла	09.09
		-Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру;	5.Біз күшті және ержүректіміз	11.09
		-Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру;	6.Мен ойнағанды жақсы көремін	13.09
		- Қосалқы қадаммен алға қарай жүру.	7.Керуен	16.09
		-Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру,	8.Бадминтон, футбол	18.09
		-Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;	9.Күзгі орманда	20.09
		-Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру,	10.Ұлттық ойындар	23.09
		-арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру,	11.Қалай спортшы болуға болады?	25.09
		- Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық	12.Менің сүйікті жануарларым	27.09

	скамейка бойымен жүру;		
	- Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.	13.Дене қабілеттерін дамыту	30.09
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.	1.Алғашқы күн	03.09
	-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).	Менің досым	05.09
	-Артикуляциялық жаттығулар жасау.	Менің сүйікті ойыншығым	10.09
	-Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану:	Күз бояуы	12.09
	- Дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.	Менің атам	17.09
	- Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.	Қорыққанға қос көрінеді	19.09
	-Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.	Отбасының күзгі еңбегі	24.09
	-Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.	Күзгі жапырақтар	26.09
	<b>Көркем әдебиет</b>	-Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу,	Білімнің-бұлағың

	- Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну,	Бәрі бар бақшада	06.09
	- Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.	Күз-жомарт	11.09
	-Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру,	Ас атасы-нан	13.09
	- Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.	Тату доспыз бәріміз	18.09
	-Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.	Кішкентай бағбан	20.09
	-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.	Жемістер жыры	25.09
	-Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.	Мақтақыз бен мысық	27.09
<b>Сауат ашу негіздері</b>	-Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру	Дыбыс	02.09
	-Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.	Дыбыс пен сөз	04.09
	- Сөздерді дыбыстық талдау:	Сөз	06.09
	-Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру,	Сөз.Сөздің мағынасы	09.09
	-Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.	Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	11.09
	- Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.	Дауысты дыбыстар	13.09
	- сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.	Дауысты дыбыстар	16.09
	-сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау.	Дауысты дыбыстар	18.09

	- Берілген сөзге сөйлем құрастыру.	Дауысты дыбыстарды бекіту	20.09
	- Дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.	Дауыссыз дыбыстардың жасалуы	23.09
	-Сөйлемді ауызша талдау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.	Біз нені үйрендік?	25.09
	-Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.	Біз нені үйрендік, нені білдік?	27.09
	-Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау.	Дауыссыз дыбыстар	30.09
<b>Қазақ тілі</b>	-Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.	Менің мектебім	03.09
	-Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.	Сыныпта	05.09
	- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,	Біздің топ	10.09
	-Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.	Біз мектепте не істейміз?	12.09
	-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).	Мектеп қызметкерлері	17.09
	-Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	Менің ойыншықтарым	19.09
-Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.	Менің сүйікті ойыншығым	24.09	
-Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.	Алтын күз	26.09	
<b>Математика негіздері</b>	-Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);	Кеңістікті бағдарлау	02.09
	Қағазда парағын бағдарлай білуді бекіту	Қағаз бетінде бағдарлау	03.09

	-Заттарды кеңістікте орналастыру. Берілген бағытта,оны белгі бойынша өзгерте отырып,бағдарлауын қалыптастыру.	Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау	05.09
	-«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.	Біреу-көп	09.09
	Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру,жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруБүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату,жиынның бөліктен үлкен екенін,бөліктің	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті	10.09
	-Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату,жиынның бөліктен үлкен екенін,бөліктің жиыннан кіші екені,жиынның бөліктерін санау және элементтердің бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті	12.09
	- «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.	1 саны және цифры	16.09
	- саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару	2 саны және цифры	17.09
	-Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау,	3 саны және цифры	19.09
	-топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.	4 саны және цифры	23.09
	-Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.	5 саны және цифры	24.09
	Сандарды тура және кері санауға жаттықтыру	Мен 5-ке дейін санаймын	26.09
	- Көрнекілік арқылы 6 санының пайда болуымен таныстыру,	6 саны және цифры	30.09

<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	-Табиғатпен таныстыру,себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну	1.Жыл мезгілдері:жаз,күз. Белгілері	02.09
	-жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу,құстардың пайдасы туралы білу,оларға қамқорлық жасау	2.Қыстап қалатын құстар және жыл құстары	06.09
	- Нанға ұқыпты қарауға,бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	3.Нан дастарханға қалай келеді?	09.09
	-үлкенді сыйлау,олардың еңбегін бағалау	4.Ауылдағы адам еңбегі	13.09
	- Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту	5.Жанды және жансыз табиғат	16.09
	-Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату	6.Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер	20.09
	-Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.	7.Заттар әлеміне саяхат	23.09
	-экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.	8.Отбасындағы мерекелер	27.09
	-Өз өмірінің қауіпсіздігін түсіну және сақтау	9.Оттың пайдасы және зияны	30.09
<b>Құрастыру</b>	-Құрылыс материалдарынан құрастыру, -конструктор бөлшектерінен құрастыру, ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа құрастыру, - өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.	1.Көшедегі үйлер 2.Автобус 3.Алмұрт 4.Күзгі жапырақтар	04.09 11.09 18.09 25.09

<b>Сурет салу</b>	-Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу, -бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу, -Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді беру, -сурет салу олардың бір-біріне арақатынасын беру.		04.09 11.09 18.09 25.09
<b>Мүсіндеу</b>	-Заттық мүсіндеу. -Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. -Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, -Мүсіндеуде оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.		04.09 11.09 18.09 25.09
<b>Жапсыру</b>	Заттық жапсыру: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді -жемістерді, -көгөністерді, -гүлдерді, -оюларды қиюда қолдану.		04.09 11.09 18.09 25.09
<b>Музыка</b>	-Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.	1.Білімнің бұлағы	03.09
	-Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.	2.Білімнің бұлағы	05.09
	-Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.	3.Нота үйренейік	10.09
	-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.	4.Нота үйренейік	12.09
	-Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.	5.Көңілді ырғақтар	17.09
	-Музыкалық шығармалардың жанларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.	6.Көңілді ырғақтар	19.09
	-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.	7.Біздің аспаптар	24.09

		-Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу	8.Біздің аспаптар	26.09
--	--	--	-------------------	-------

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің»ММ «№2 Жамбыл атындағы орта мектебі МДШО»МКМ

**Топ/сынып** мектепалды сынып

**Балалардың жасы** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2024-2025 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері		Күні
қазан	Дене шынықтыру	-Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.	Доппен ойнап, көңіліңді көтер!	02.10
		-Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.	Біз әртүрліміз	04.10
		-Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.	Зейінді боламыз	07.10
		-Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.	Бірінші бол!	09.10
		-Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.	Командалық эстафеталар	11.10
		-Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.	Ерекше сабақтар	14.10
		-Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру.	Акробат болғым келеді	16.10
		-Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу.	Ақылдылар	18.10
		-Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу.	Бізбен бірге және бізден артық орында	21.10
		-Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру.	Біз-болашақ әскерміз!	23.10

	-Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.	Біздің стадион	25.10
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	-Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.	Шаштараз	01.10
	-Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.	Ең тәтті дүние	03.10
	- Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.	Әжесін қайсысы жақсы көреді?	08.10
	-Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.	Менің отбасым	10.10
	- Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.	Үй құстары мен үй жануарлары	15.10
	-Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.	Ойыншықтар мерекесі	17.10
	-әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу,	Жыл басына таласқан жануарлар	22.10
	- монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.	Менің Отаным	24.10
<b>Көркем әдебиет</b>	-Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.	Бір аптада	02.10
	-Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,	Менің ойыншықтарым	04.10
	- Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.	Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа	09.10

	-Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнау,	Шаруа мен аю	11.10
	-Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану,	Отан	16.10
	-еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдау, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру	Түлкі мен қоян	18.10
	-Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.	Елордамыз-Астана	23.10
	- кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	Арыстан мен тышқан	25.10
<b>Сауат ашу негіздері</b>	- Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру, қолды жазуға дайындау; ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;	Дауыссыз дыбыстар	02.10
	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;	Дауыссыз дыбыстар	04.10
	- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;	Біз нені үйрендік, нені білдік?	07.10
	- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту	Дыбыстар әлемі	09.10
	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;	Буын	11.10
	- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	14.10

	-балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу	Буынға бөлейік	16.10
	-баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау	Ойнай отырып оқимыз	18.10
	-балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну; балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.	Дыбыстық талдау	21.10
	-Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. -Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.	Дыбыстық талдау Дыбыстық талдау	23.10 25.10
<b>Қазақ тілі</b>	-Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.	Көкөністер	01.10
	-Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.	Жемістер	03.10
	-Тілдің грамматикалық құрылымы.Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.	Жидектер	08.10
	- Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.	Ойнайық та, ойлайық	10.10
	-Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	Неше?Санау	15.10
	-Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу,	Апта күндері	17.10
	-кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау,	Менің отбасым	22.10

		-кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Ғажайып алаң	24.10
<b>Математика негіздері</b>		-Сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.	6 саны және цифры	01.10
		-Көрнекілік арқылы 7 санының пайда болуымен таныстыру,	7 саны және цифры	03.10
		-0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.	7 саны және цифры	07.10
		-«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.	8 саны және цифры	08.10
		-саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.	8 саны және цифры	10.10
		-Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.	9 саны және цифры	14.10
		-Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.	9 саны және цифры	15.10
		-10көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру	0 саны мен цифры	17.10
		-Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен,цифрымен таныстыру	10 саны	21.10
		-Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.	10 саны	22.10
	-Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау,топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.	Қанша?Реті бойынша нешінші?	24.10	
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>		-Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.	1.Ең жақын адамдар	04.10 07.10 11.10
		-Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы,өсуі және көбеюі	2.Дәрілік өсімдіктер	14.10
		-Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау	3.Өсімдіктердің көбеюі	
		- Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және	4.Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар	

	талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау	неден жасалады?	
	-Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарын маңыздылығын түсіну -Мемлекеттік мереке-Республика күні  - Бала, оның отбасы, үйі. Өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету	5. Менің туған өлкем  6. Менің Отаным- Қазақстан 7. Менің мекенжайым	18.10  21.10  <b>25.10</b>
<b>Құрастыру</b>	-Қағаздан құрастыру. -Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) құрастыру, - ыдыстар құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.	5. Айдарлы әтеш 6. Қоңырау 7. Қаз балапанымен 8. Алтын балық	02.10 09.10 16.10 23.10
<b>Сурет салу</b>	-Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), -тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). -Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)		02.10 09.10 16.10 23.10
<b>Мүсіндеу</b>	Заттық мүсіндеу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: -көкөністерді, -жемістерді, -ойыншықтарды, -ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.		02.10 09.10 16.10 23.10
<b>Жапсыру</b>	Заттық жапсыру: Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.		02.10 09.10 16.10 23.10
<b>Музыка</b>	-Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.	Күз жомарт	01.10
	-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.	Күз жомарт	03.10

	<p>-Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p>	Күзгі жаңбыр	08.10
	<p>-Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p>	Күзгі жаңбыр	10.10
	<p>-Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p>	Сабантойды тойлаймыз	15.10
	<p>- Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p>	Сабантойды тойлаймыз	17.10
	<p>-Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p>	Елтаңбасы елімнің	22.10
	<p>-Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p>	Елтаңбасы елімнің	24.10

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің»ММ «№2 Жамбыл атындағы орта мектебі МДШО»МКМ

**Топ/сынып** мектепалды сынып

**Балалардың жасы** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2024-2025 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері		Күні
қараша	Дене шынықтыру	-Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).	Менің отбасым	04.11
		-Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.	Менің үйім	06.11
		-Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.	Күшті,батыл және үлкен боламыз!	08.11
		- Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.	Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру	11.11
		- Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.	Мерген болғым келеді	13.11
		-Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту және гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.	Әкем,анам және мен!	15.11
		- Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;	Отбасымызбен бірге жаттығамыз	18.11

	-Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.	Отбасылық альбом	20.11
	-Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.	Хоккей ойнап үйренеміз	22.11
	-дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;	Тату-тәтті баламыз!	25.11
	-балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.	Менің көңілді добым	27.11
	- Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту	Аулада ойнайтын ойындар	29.11
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	-Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:	Бір уыс мақта	05.11
	- ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру,	Алтын сақа	07.11
	- өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру,	Құстардың тіршілігі	12.11
	-сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.	Жеті қазынаның бірі	14.11
	-сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды; айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;	Ас тағамдар	19.11
	- зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады	Түлкінің туған күні	21.11
	- сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді қолдану	Дені саудың-жаны сау	26.11
	-көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады;	Менің достарым	28.11

<b>Көркем әдебиет</b>	-шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды	Алтын астық	06.11
	-себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады;	Бәрі де риза	08.11
	-өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды; мазмұнның бірізділігін сақтау,	Ақымақ қасқыр	13.11
	-шығарма мазмұнын қайталап айтады; кітаптарға қызығушылық танытады;	Жұлдызды сәт	15.11
	-кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;	Әдептілік әлемі	20.11
	-кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; -көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады;	Әкесі ме балалары	22.11
	-рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді;	Айтыс	27.11
	-шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.	Жантөре мен аққоян	29.11
<b>Сауат ашу негіздері</b>	-сөздің мағынасын түсіндіру; дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты/дауыссыз);	Дыбыстық талдау	04.11
	-сөздерге дыбыстық талдау жасау;	Дыбыстық талдау	06.11
	-сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау;	Дыбыстық талдау	08.11
	-сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау	Дыбыстық талдау	11.11
	- берілген буынға сөз құрастыру	Дыбыстық талдау	13.11
	-сөздегі буындардың санын анықтау;	Дыбыстық талдау	15.11
	- үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау;	Дыбыстық талдау	18.11
	- сөздерді буындарға бөлу;	Сөздерді буынға бөлеміз	20.11
	-берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру;	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу	22.11
	-Буындар санын анықтау, қаламды дұрыс ұстау; жазу парағында бағдарлау;	Дыбыстың сөздегі орны	25.11
	-қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды	Ойнай отырып оқимыз	27.11

		орындау, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату;		
		-дыбыстардың белгілерін ажыратады (дауысты/дауыссыз);	Біз нені үйрендік?	29.11
<b>Қазақ тілі</b>		-Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.	Мен және менің достарым	05.11
		- тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізу;	Мамандықтың бәрі жақсы	07.11
		-Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.	Жақсы өнеге	12.11
		- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Менің үйім	14.11
		-Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту,	Менің бөлмем	19.11
		- қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.	Менің Отаным	21.11
		-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)	Зерде интеллектуалды ойыны	26.11
		-кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру;	Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Ту	28.11
<b>Математика негіздері</b>		-Қанша, нешінші сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру	Қанша? Реті бойынша нешінші?	04.11
		- Геометриялық фигуралар мен денелерді дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру  мектепте оқуға ынтасын арттыру; зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді үйрету;	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.	05.11

	<p>- Шеңбер мен тіктөртбұрышты салыстыру, олардың пішіндерін анықтау</p> <p>балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</p>	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.	07.11
	- Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру	Дөңгелек және сопақша	11.11
	<p>- Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту,</p> <p>қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу; бүтін мен бөлікті салыстыру,</p>	Дөңгелек және сопақша	12.11
	<p>- бүтін мен бөлікті салыстыру,</p> <p>8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p>	Бүтін және фигуралардың бөліктері	14.11
	Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру	18.11
	- заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру	Заттарды өлшемі бойынша салыстыру	19.11
	- Заттардың ұзындығын анықтай білу және салыстыру	Ұзындық. Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру	21.11
